



Газет 1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады

Қазақ университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

№ 4
(1277)
сәуір
1999 жыл

Ғасырымыздың ғұламасы



"Менің ойымша, Қ.И.Сәтбаев - кешегі өткен Кеңестер Одағының ғана ұлы адамдарының бірі емес, ол - өтіп бара жатқан ғасырдың ұлы перзенті..."

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ.

Халықаралық
конференция
3-бет



Нұрғастың
жыр шашуы
3-бет



Академик
Қаныш
Сәтбаевтың
туғанына
100 жыл
4-6-беттер



Алпысқа
келдіңіздер
8-бет



Бармасаң,
келмесен...
13-бет



Американдық
мұғалімнің
дәрісі
14-бет





Ақпарат-айдын

Учиться
демократии

То, что демократия для нас не просто слово, а живое понятие, доказывает то, что в нашей республике проводятся всевозможные форумы, конференции. Одним из таких и был семинар - второй по счету из цикла "Поможем демократии работать", проведенный Лигой женщин избирательниц (США) в лице Джуди Дэвис, представляющей Лигу женщин-избирательниц Колорадо. Семинар прошел при содействии Каунтерпарта Консорциум и Центра казахстанского Демократического образования "Лидер".

В семинаре участвовали более двадцати человек - представителей неправительственных организаций из разных регионов нашей страны, а также делегаты из Кыргызстана и Таджикистана.

В ходе семинара с его участниками тесно общался директор Каунтерпарта Консорциума Дэвид Смит. Семинар проводили Джуди Дэвис и Наталья Бахмутова - председатель "Лидера", основной темой его была демократические выборы, их организация и проведение в современных условиях. Особенно интересными были методики проведения семинара, оригинальные тренинги, моменты обратной связи. Были обретенны не только уникальные знания, но осуществлялся живой обмен опытом, также происходило интересное общение на духовном уровне, какое возможно только среди увлеченных единомышленников.

После завершения участникам были вручены специальные сертификаты, а также был проведен Круглый стол, на котором присутствовал посол США Ричард Джонс, он сказал присутствующим следующее:

- Мне приятно видеть вас всех вместе, работающих для осуществления демократических выборов и мы надеемся, что Лига женщин Колорадо и казахстанские друзья будут совместно работать для укрепления дружбы и демократии.

А Джуди Дэвис пожелала новым друзьям следующее:

- У меня 25 лет опыта работы и я очень рада, что делюсь им именно с вами. Помните, что в первую очередь мы с вами должны быть образованными и, что Демократия в реальной жизни - это всегда консенсус.

Барчиной Мамаджанова из НПО "Женщина и мир" (Таджикистан):

- Мы благодарны нашим казахским друзьям за организацию этого семинара. А также Джуди за те знания, которые получили от нее.

А Розетта Айтматова - сестра великого писателя современности Чингиза Айтматова - Генеральный секретарь Женских организаций Кыргызстана, пожелала казахским коллегам успехов и сказала:

- Мы обрели на этом семинаре не только знания, но и прекрасных друзей, а также набрались опыта общения и взаимопонимания, что не купишь ни на какие деньги.

Улжан ИСТЕЛЮЕВА,
Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА.

Кіші Фараби академиясы

Сәуірдің 8 күні университет қабырғасында Жас философтар мектебінің ұйымдастыруымен "Ғылым және философия" атты кеш болып өтті.

Кешті философия ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі А.Х.Қасымжанов сөз сөйлеп ашты. Кешке сонымен қатар ф.ғ.д., профессор М.С.Орынбеков, Т.Х.Ғабитов, Ш.А.Алтаев, ф.ғ.к., доценттер Л.Ә.Асқартегі, Н.А.Асқаров, А.Сарымсақов қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Хамзиева Базаркүл апай ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан зор үлестерін айта келе, еліміздің қадірлі азаматтарын жастарға таныту жолында студенттер арасында көптеген қызықты кештер, пікір-таластарды жиі өткізу керектігін

ұсынды. Сонымен қатар кештің өтуіне басты себепші болған Қаныш ағамыздың өмірі, еңбектері, ғылымға қосқан үлестері жайлы философия факультетінің студенттері арасынан Гаипназаров Бахытжан, Каирова Багила, Қоңыркүлжаева Нағима, Күнтуова Индиралар пікір бөлісті.

Кештің соңына қарай Л.Ә.Асқартегінің "Жас философтар мектебін" "Кіші Фараби академиясы" мектебі деп өзгерту жөніндегі ұсынысы дауысқа салынып, қатысқан жұрттың қолдауын тапты. Жаңа ашылған мектептің президенті болып кештің өтуіне белсене қатысқан философия факультетінің II курс студенті Ысқақова Бұлбұл, ал вице-президенті болып сол факультеттің III курс студенті Гаипназаров Бахытжан тағайындалды.

Ақжібек ЮСУПОВА.

Білім бәсекеде бекиді

Экономика және құқық институтының жастар ісі жөніндегі комитеті студенттер арасында игілікті істер атқарып келеді.

Олар өз шараларына университет студенттерімен қатар басқа оқу орындары студенттерін, Алматы қаласы мектептерінің жоғары сынып оқушыларын қатыстыруды дәстүрге айналдыруда. Мұндағы мақсат - жастарды түгел қамту, сол арқылы жастар арасындағы қозғаушы күшке айналу және мектеп оқушыларын жоғары оқу орындарындағы белсенді іс-қимылға даярлау болып табылады. Студенттік өмір "стипендиядан стипендияға дейін күн санау" емес, күн сайын білімнің толықтыру екенін насихаттау. Тәрбиелік маңызы зор шаралардың қатарында университет ұйымдастырып жүрген студенттер арасындағы "Қыз сыны" байқауын және зерделік-танымдық "Не? Қайда? Қашан?" ойынның атауға болады.

Университет студенттері өз күштерімен ұйымдастырған бұл шаралар шын мәнінде қалалық ауқымға ұласып келеді. Оның дәлелі - басқа жоғары оқу орындары ғана емес, қала мектептерінің ішінен студенттер сайысына өз командаларын даярлап қатысулары. Мысалы, жоғарыда аталған зерделік-танымдық "Не? Қайда? Қашан?" ойынына республикалық физика-математика мектебінің командасы қатысып, өздерінің ой-өрелерінің ешкімнен де төмен еместігін аңғартты. "Туран" университетінің, "Әділет" жоғары құқық мектебінің және ҚазМУ-дің болашақ заңгерлері мен экономистері арасында өткен бұл сайыста экономистер жеңіске жетті. Әйтсе де, бұл жерде мектеп оқушыларының да жоғары деңгейдегі білім мен шығармашылық тапқырлық танытқанын айту қажет. Олар үшін ең пайдалы ұтыс - ертең өздері болар студент өмірімен танысып, болашақ таңдауларын тап басуына жасалынып отырған мүмкіндік. Осы мақсатта оларға университет ұстаздары Н.Данаев, Ж.Дәдебаев сынды ғалым ағалары өздері дайындайтын мамандықтар жайлы кең әңгімелеп, жастардың қоғамға қажетті жандар болып шығуы үшін керекті - ең бастысы білімді болу екендігіне баса назар аударып, ақыл-кеңестерін айтты. Болашақ қана емес, бүгінгі де қозғаушы күші - жастар арасында осындай қызықты шараларды жүйелі жүргізу оларды дүрсі тәрбиелеу мақсатындағы маңызды міндет екені анық.

Бұл жолы ойын соңы қала мектептерінен келген 400 оқушының "Университеттегі күндеріне" ұласты. Олар факультеттерді аралап, мұражай мұрағаттарымен танысты.

Б.БЕЛҒАРА.

Чертова-дюжина опять подвела

Весна, теплые солнечные лучи, нежные почки. Обычно на этом просыпающемся фоне уродливо проступают потрескавшиеся серые стены и облупившаяся краска на дверях и балконах.

Но в этом году начальство КазГУ позаботилось о внешнем облике общежитий. Еще во время зимних каникул заменили стекла, покрасили балконы, прибрались в душевых и постелили новый паркет. В общем полный "евроремонт".

Обитатели рады-радешишки. Но как всегда чертова-дюжина подвела жителей №13 общежития. У них сейчас ремонт и обитателям

запах краски мешаает. Видимо придется им "либо привыкать, либо противогазы надевать".

А в №5 и №7 общежитиях новая реформа, хочешь помыться - 10 тенге на "бочку". Хорошо, что еще оплата не зависит от настроения доллара, а то пришлось бы мыться нашим студентам от стипендии к стипендии.

А в остальном приятно созерцать чистоту и новизну. Это уже не временное пристанище студентов, а, можно сказать "родной дом". Потому что, тепло и уют создают не только обитатели, но и обстановка

Айнур КАРГАЛИНОВА.

Жаңа ғасырдың табалдырығын математика аттамақ...

Наурыздың 25-26-ларында ҚазМУ-дің физика-математика факультетінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. "Есептеу математикасы және ақпараттық технология проблемалары" деген тақырыпта өткізілген конференцияға көрші Қырғызстан, Ресей, Беларусь елдерінен математика саласының білікті ғалымдары келді.



Конференцияны ұйымдастыру комитетінің төрағасы академик Өмірзақ Сұлтанғазин жүргізді.

Ашылу салтанатында проректор Ф.Байымбетов, Ресейден келген В.Монахов, физика-математика факультетінің деканы Н.Данаевтар сөз алып, конференцияларға қатысушыларға ақ жол тіледі.

Алғашқы күні толық мәжілісте математика ғылымының өркендеуіне еңбек сіңіріп жүрген ғалымдардың баяндамалары талқыланды. Ш.Ершин, Ө.Жаппасбаев, М.Құлымбаевалардың "Закономерности канального течения с пористой перегородкой", Новосибирскіден келген Ю.Шокиннің, А.Федотовтың "Информационные технологии в задачах поддержки принятия решений", М.Айдархановтың "Об исследованиях в области построения и анализа групповых классификаций" деген баяндамалары тыңдалды.

Баяндамаларды талқылаудан кейін конференция "Есептеу математикасы", "Гидродинамиканы есептеудегі маңызды математикалық сұрақтар", "Білім жүйесіндегі ақпаратты технология" деген үш секция бойынша жұмыс істеді. Айта кетер бір жәйт - халықаралық конференцияға жас талапкерлер де қатысты. Олардың ішінде студенттер де, магистранттар да, аспиранттар да бар.

Екінші күні Ресейден келген профессор В.Монаховтың "Алгоритм расчета тепловой модели нефтяного пласта", М.Өтелбаев пен Б.Рысбайұлының "Один вариационный метод решения уравнения вязкой несжимаемой жидкости", Ш.Смағұловтың "Численные моделирование трехмерного течения в области с криволинейной границей" деген баяндамалары қызықты пікірталастарға ұласты.

Тұңғыш өткізіліп отырған халықаралық конференцияның жабылу салтанатында академик Өмірзақ Сұлтанғазин сөз алып, баяндамаларға баға берді. Конференцияла көзге түскен Көпесова, Үсенханов, Мақашов, Попова, Сахаева, Ақжолова сынды жас талапкерлерге ақшалай сыйлық және диплом тапсырылды.

Алдағы уақытта аталып өткен жоғары деңгейдегі баяндамалар ҚазМУ хабаршысында жарияланбақ.

Екі күнге созылған халықаралық конференцияның соңы белгілі математик Шалтай Смағұловтың 50 жылдық мерейтойына ұласты.



Ақпарат-айдын

Нұртастың жыр шашуы

Наурыздың 31-жұлдызында биология факультетінде ақын Нұртас ИСАБАЕВТЫҢ "Қимамаймын сені" кітабының тұсау кесер тойы өтті.

Кешігіп жүрген көктемді, махаббатты аңсап жүрген жалынды жастардың арасына Нұртас ақын кұбылыс әкелді. Кеште отырған жастар көктемнің иісін сезді...

Осы сәтті байқалы ма, әлде өзі де аңсап жүрген бе кештің жүргізушісі, журналистика факультетінің доценті ақын Бауыржан Жақып Нұртастың тойын шешен тіл, көсем ойымен нұрландырып жіберді.

Кештің қоңақтары - Жазушылар одағының 2-ші хатшысы Темірхан Медетбек, ақындар Исраил Сапарбай, Несіпбек Айтұлы, Болат Үсенбаев және қоғам қайраткері Серік Әбдрахмановтар Нұртастың кіршіксіз поэзиясына нұрлы тілектер тіледі.

"Жібек жолы" ансамблінің әншісі Амангүл Сәндібаева, композитор Әбиірбек Тінәлиев, жас әнші Ақбота Керімбекова, "КӨКІЛ" колледжінің жас өнерпаздары әннен шашу шашты.

Арулар - асыл элдарлар...

Наурыздың 27-жұлдызында Студенттер сарайында кітапхана ұйымының ұйымдастыруымен Экономика және құқық институтының сұлу қыздары сынға түсті.

Композитор Алтынбек Қоразбаев, филология ғылымының кандидаты Қайрат Сақов, заң ғылымының кандидаты Алуа Ибраева, студенттер клубының төрағасы Серік Қалиев бастаған алқалы топтар көрермен көңіліндегісін тауып әділ баға беріп отырды. Сынға қатысқан жеті сұлуға да шырайлы баға берді. Исағұлова Гүлжәзира "Ерке қыз", Нұрқайдарова Әсел "Нәзік қыз", Айғарынова Гүлнәр "Көрермен көзайымы" дипломдарымен марапатталса, Қашабаева Мәншүк "Өнерлі ару" атағымен 3-орынды иеленді. Уайдина Шынар 2-орынды иеленсе, Нұрқайдарова Әсел 1-орынды иеленді. Бас жүлдені жеңіп алған Құрманбаева Ләззат "Наурыз аруы" атанды.

Аруларымызға айтар тілек иістіміз, тек сахнада ғана бет перде жамылмай, өмірде де қазақ аруы атына лайық болса екен...

Ақпарат-айдыңның
материалдарын дайындаған
Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.



Академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына - 100 жыл

Ғасырымыздың ғұламасы



1. Қ.И. Сәтбаев болмағанда үлкен Жезқазған ашылар ма еді?..

Әрине, бұл күндері үлкен Жезқазған деп аталынатын Орталық Қазақстанның күрделі таулы-қазба кен орындарын апталар мен айларда ашу мүмкін емес еді. Ол үшін көптеген жылдар керек болатын. Себебі оның таулы жыныстарының күрделілігі өз алдына бөлсек те, Сарыарканың шөлді даласы, жазында аптапты ыстығы, қысында бет қаратпас боранымен үскірік аязы өзгеше және ең жақын деген темір жолдың өзі 400 километр қашықтықта болатын. Оның үстіне арнайы кәсіби мамандардың (барлаушы геологтар,

бұрғышылар және т.б.) саусақпен санағандай аз болғандығын қосыңыз. Міне, осындай қиындықтардың бәрін, Томск технология институты тау-кен факультетінің геология бөлімін үздік бітіріп келген қазақтың алғашқы кен инженері жеңе білді. Сол кездің өзінде-ақ, алғашқы барлау жылдарынан кейін, өзіне сенімі берік Сәтбаев: "Жезқазған дүние жүзіндегі ең бай мыс кенінің бірі, алдағы жылдарда Американың аты шулы мыс ошақтарын басып озып, ширегіне де келтірмей кетеді" - деген екен. Бұл сөздер іс жүзінде кейіннен орындалды да, соның алғашқы сатысын 1932 жылы жарық көрген "Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары" деген монографиялық еңбегінде дәлелдей түсіп және оны тез арада игерудің негізгі міндеттерін алға қойып береді. Алайда оны алдан қиындығы көп күндер күтіп тұр еді. 1933 жылы барлау жұмысы енді қызған кезде Одақтық Геология комитеті қаржы мәселесін қысқартып, тоқтауға дейін апарды. 35 жасар Қаныш көптеген қиыншылықтарға қарамай, Одақтық Ғылым академиясының сессиясында "Мыс, көмір, темір-марганец рудалары және Жезқазған-Ұлытау ауданының басқа да қазба байлықтары" деп аталатын баяндамасын жасап, орасан зор кен байлығы осы аймақта жатқандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. Алайда, кен орындары қорының мол екендігіне Одақтық геология комитеті онша сенбей, күмән туғызды. Міне, осындай Жезқазғанның "тағдыры" таразы талқысына түскенде теңдесі жоқ табандылық танытқан Сәтбаев СССР Халық комиссары Серго

Орджоникидзениң қабылдауында болады. Осындай келісімді кездесуден кейін ғана Үлкен Жезқазғанның тағдыры шешілгендей болды. Осы бір шешімі оң болған сәт туралы, Қанекеннен үлкен өнеге алған маркум академик Евней Букетов: "Егер де сол кезде осы ұлы істің басында қажымас қайраты мол Қ.И. Сәтбаев болмағанда, Үлкен Жезқазған кейініректе ғана ашыларма еді, мүмкін, қазір біздер соны игерудің алғашқы баспалдағында ғана жүрер ме едік" - деген екен.

Жезқазған-Ұлытау кен аудандарын ашу, соның негізінде Жезқазған жерін әлемге әйгілі ету, әрине, бір адам ғұмырына жетерлік зор еңбек! Алайда, Қаныш мұны, тек "алғашқы атаған адымым" деп қана саналы. Төрт Ленин орденінің алғашқысымен осы Жезқазған-Ұлытау аймағының кен байлығын ізлеудегі еңбегі үшін марапатталды.

2. Шығыстан шыққан алғашқы академик

Өмірінің 15 жылын Жезқазған жерінде өткізгеннен кейін, Геологиялық ғылыми - зерттеу институтының директоры болып тағайындалуына байланысты 1941 жылы Алматыға ауысады. Бұдан кейін соғыстың сурапыл жылдарында, яғни 1942 жылы бар болғаны 38 күн ішінде Сәтбаевтың басқаруымен болған жанқиярлық еңбектің нәтижесінде Жезді жерінде марганец кені ашылды. Сөйтіп, стратегиялық аса қажетті шикізат Урал қара металлургиясының орталығына жеткізіліп, қамтамасыз етілді. Бұл да өз алдына теңдесі жоқ ерліктің, тылдағы ерліктің ең жоғарғы түрлерінің бірі еді. Жезді кен орны марганецтің 70,9% беріп отырды, яғни 10 танктің 7-суінкі қурыш сауыты осы кен орнының металымен қапталды, әрбір 10

(Жалғасы 6-бетте..)

Қазақ барда Қаныштың ізі өлмейді

31 наурызда ҚазМУ-де академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми конференция өткен болатын. Сондағы аспирант, ақын Мұхаметжан Тазабековтың тойға арнаған толғауы.

Армысың кара орманның емендері,
Бес ғасырға жететін беделдері.
Үнсіз жүріп үлкендер үлгі шашар,
Текті балық секілді тереңдегі.
Шеру тартқан салтанат құтты болсын,
Шекарасыз ойлаудың шеберлері.
Қазақ барда Қаныштың ізі өлмейді,
Қан тамыры секілді денендегі.
100-жылдығын жүздеген ұлттар тойлап,
Байыппен бағаланды ер еңбегі.
Білгенге Академия атасындай,
Айтулы алты алаштың кемеңгері.
Тағдырдың тартуына тәубешілік,
Ойшылдар ғой ел-жұрттың ерендері.
Қазақтың курсағында күт болмаса,
Құдай бізге Қанышты берер ме еді.
Кесек алтын секілді кеннен шыққан,
Кең дүниеге Сәтбаев келер ме еді.
Жақсыны жетелейді кілең арман,
Ал жаманның артында күйе қалған.
Қазақта Сәтбаевтай кім бар екен,
Атақтың асқарына не болған.
Бабамның күдіретіне бас иемін,

Тірлігінде тектілік жүйе болған.
Үш кісіні басқарған адамда да
Ақсақалдар айтқандай кие болған.
Қаныштар ұлықтың уығы ғой,
Ғылымның шаңырағына сүйеу болған.
Шалқардай бабамды айтсам, шабыт кеп тұр,
100-жылдығы жүректе бағыт боп тұр.
Төрт Ленин орденін таққан кезде,
Халықтың шаттанғаны анық боп тұр.
Лениндік сыйлықты алған кезде,
Қалың қазақ қуанды халық боп бір.
Бірақ қазір сол қазаққа Лениннен де
Сәтбаевтың сәулесі жарық боп тұр.
Біз үшін Ильич сынды идеологтан,
Геологтың тұлғасы алып боп тұр.
Кеткенмен кеудесінде аппақ арман,
Ұрпағы бар үмітін ақтап алған.
Үш қызы үш жүзге ортақ ғалым болды,
Дүлдүлдің дүбіріндей артта қалған.
Бабамның қасиеті сіздерсіздер,
Ғалымның сөздеріндей хатта қалған.
Тамырын үзбейсіздер атамыздың,
Томирис, Қаншайымдай хатта қалған.

Болаттай тұлға екен ол ең керекті,
Болашақ ұрпақ үшін еңбек етті.
Темір етік кісе де тебендей боп
Темір таяқ ұстаумен терге бөкті.
Сая таппай бай қазақтың даласынан
Саяхаттап жан дүниесін дөңгелетті.
Мәскеу барып кенеттен кепкен елдің,
Кеудесін таудай арман керпен өтті.
Жерден асыл іздеген ғалымның да
Рухы - көкке, сүйегі - жерге кетті.
Топырақтан жаралған бар адамның,
Жапырақтай жүрегін тербеп өтті.
Ашылып Академия астанамнан,
Талай тауға сүйрелі асқақ арман.
Шығыстан шыққан туңғыш академик
Қалың топты басқарған қасқа болған.
Қазақтың азаттығы Желтоқсанда,
Сәтбаев көшесінен бастау алған.
Сондықтан оның аты мәңгі өшпейді,
Пайғамбардың ізінде таста қалған.
Әр қазақ салып жатыр бар ынтасын,
Таудың қашап тастардай тарғыл тасын.
Сәтбай атаң Меккеде қайтыс болған,
Тіршіліктің тоқтатқан бар ынтасын.
Сол ізбенен өрбіген ұрпақтары,
Қалың елден қайтарлы-ау қарымтасын.
Имантайдың баласы иманды боп,
Пейіште пері сүйген қалың қасын.
Бабамыздың айтқаны қабыл болып,
Атамыздың алдынан жарылқасын.

Уникальная находка ученого

В одном из залов Эрмитажа среди экспонатов, имеющих мировую ценность, выставлен черный камень. Он внешне не отличается от обычных горных пород. Внимание посетителей привлекает надпись на поверхности камня, высеченная арабскими буквами. Текст на огуз-кипчакском диалекте гласит: "Здесь во время похода на войска Токтамыша остановился Великий Эмир Тимур".

История этой надписи такова: в 1392 году Эмир Тимур с многотысячными войсками отправился из Самарканда через Туркестан в поход на своего бывшего подопечного, стропивого и предавшего его Токтамыша. По дороге Тимур остановился в горах Улы тау. В память о местах пребывания он велел высечь на камне надпись. Здесь, в горном ущелье кузнечные мастера плавил металл, отливали из стали сабли, чеканщики украшали их узорами.

Спустя много лет, в этих местах побывал Каныш Сатпаев. Молодой геолог, выпускник Томского политехнического института проводил геолого-разведочную работу в центральном Казахстане. Открыл богатые залежи меди. Собирает и записывал материалы устного народного творчества - предания о батырах, легенды и бытны.

Каныш Сатпаев положил начало исследованиям таких памятников культуры.

Местные жители по сей день рассказывают о том, что Каныш Сатпаев поднялся на вершину горы Едиге, где он застал место захоронения легендарного батыра и бия. О нем в памяти народа сохранились эпические произведения.

В тридцати километрах от районного центра на одной из возвышенностей имеются следы обороны от врагов. В голой степи проложены камни, цепь которых тянется на несколько километров. На камнях высечены изображения животных: верблюдов, лошадей, сайгаков,

жайранов. На отдельных из них изображены всадник на коне с колчаном, пастух с посохом. В науке их называют петроглифами. Они представляют собой не хаотичные рисунки для забавы, а отражают быт, образ жизни кочевников. Во время боев эти рисунки служили берегами, доброй приметой для благополучного исхода сражений.

Хотя они принадлежат разным эпохам, эти камни похожи на черный камень с надписью, найденный Канышем Сатпаевым. Ученый бережливо отнесся к уникальной находке. В дореволюционном Казахстане не было



музея. Поэтому, по рассказам местных жителей, черный камень с надписью отправляют, нагрузив на телегу, запряженную волами, в ближайшую железнодорожную станцию на расстоянии 450 километров от города Кызылорды, тогдашней столицы Казахстана. В сопроводительном письме указывается конечный адрес: Эрмитаж в Ленинграде.

Этот исторический памятник по сей день находится в Эрмитаже. В 1961 году, когда я впервые посетил Эрмитаж, незаметно сфотографировал его. Черный камень с надписью стоял на постаменте в одном помещении рядом с бронзовым котлом, емкостью 3 тысячи литров,

отлитым из семи сплавов. Позже усилиями ряда ученых и общественных деятелей, Бронзовый котел был возвращен на родину в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясави в Туркестане. Остальные памятники культуры из Казахстана остались в Эрмитаже. Среди них - позолоченные подсвечники с арабской надписью. Их было всего шесть. Один находится в Лувре во Франции. Место нахождения остальных трех подсвечников не известно.

В Эрмитаже находятся также ритуальный стол древних саков с изображениями животных по краям юрты - четырехножка. Привлекает внимание посетителей двойная дверь с косяком, на поверхности которой нанесен орнамент из костей благородных животных - маралов. Своим мастерством поражают узоры женских украшений из золота и драгоценных камней. Они были вывезены за пределы Казахстана в разные годы любителями старины, русскими путешественниками.

В документах Эрмитажа имеются паспорта каждой из этих экспозиций, где указаны даты, когда и кем доставлены, кому принадлежали указанные памятники культуры, предметы домашнего обихода. В этнографическом музее Санкт-Петербурга имеются предметы, вещи подаренные отцом Ч. Валиханова Чингисом, Жангир хану Внутренней Орды из Нарын Песков, известного казахского бая Алибека - сына Зилкары и других.

Ныне, когда Казахстан обрел суверенитет, стал независимым государством в результате распада бывшего Союза, настало время вернуть эти бесценные памятники культуры. Они дополнили бы экспозиции Центрального музея Республики. И, конечно, стали бы достоянием народов Казахстана.

Умир Сейт ШАРИПОВ,
доцент КазГУ им. Аль-Фараби.

Ғасыр адамына арналған кітап көрмесі

Геолог, қоғам қайраткері, академик Каныш Имантайұлы Сәтбаевтың туып-өскен жері, өмірбаяны, негізгі еңбектері туралы деректерді, баспадан шыққан еңбектерін жинақтап, университетімізде өткен ғылыми конференцияда кітапханамыздың көпшілікпен жұмыс жүргізу секторы "Ғасыр адамы" атты айдармен кітап көрмесін ұйымдастырды. Кейіннен бұл көрме оқу залдарынан жалғасын тауып, оқырмандар көңілінен шығуда.

Нәзіпа МАЛДЫБАЕВА,
ғылыми кітапхананың бөлім меңгерушісі.

Металл ақша

академиктің мерейтойы
күрметіне шығарылды



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сәуірдің 5-інен бастап академик Қ. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған құны 20 теңге ескерткіш металл ақшаны айналымға шығарды.



Ғасырымыздың ғұламасы

(Соңы. Басы 4-бетте.)

оқтың 9-ын Қазақстан қорғасыны, әрбір жез гильзаның үштен бірі де Қазақстан мысынан жасалынған.

Сол жылдарда Қ.И.Сәтбаев аса зор ғылыми жетістіктері үшін ресми диссертация қорғамай-ақ, геология-минералогия ғылымдарының докторы деген дәрежеге ие болды. Өртүрлі қиыншылық атаулыны жеңе отырып талантты ғалым, соғыс әсерінен зор зардап шеккен қиын экономикалық жағдайдың өзінде Қазақстан ғылымының орталығы - Ғылым Академиясының ашылуына көп күш жұмсады. 1946 жылдың маусым айының 1-жұлдызы Ғылым Академиясының құрылған күні болып тарихқа енген. Сол күні халқының сүйікті азаматы болып танылып үлгірген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірауыздан Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болып сайланды. Сол жылы Одақтық академияның толық мүшесі болыпта сайланды, яғни Қ.И.Сәтбаев қазақ ұлтынан шыққан бірінші академик қана емес, бүкіл Шығыстан шыққан алғашқы академик болды.

3. Металлогения мектебінің негізін қалаушы

Қ.И.Сәтбаевтың тарих беттеріне алтын әріптермен жазса да артық болмайтын ғылыми еңбектерінің бірі - ол Орталық Қазақстанның комплексті металлогендік және болжамдық картасының дүниеге келуіне тікелей басшылық жасап, ат салысқандығы. Бұл картаны жасап шағару еңбегі - оны

Қазақстандағы металлогения мектебінің негізін қалаушы етіп қана қойған жоқ, ол сол кездегі Одақ көлемінде, тіпті әлемдегі металлогения ілімінің алғашқы кірпіштерін қалаған азамат етті. Бұл Сәтбаев және оның шәкірттері мен қызметтес серіктерінің үлкен де зор ғылыми жетістігі еді. Болжамдық карта әділ бағасын 1958 жылы алды, яғни осыдан 16 жыл бұрын "Жезқазғанның мыс кендері" деп аталған еңбегіне берілген Мемлекеттік сыйлығының қатарына, сол кездегі ең жоғары сыйлық - Лениндік сыйлық қосылды. Бүгінгі күні ойлап қарасаң, Қанекеннің еңбектері Нобельдік сыйлыққа да лайық екен. Тек қана Үлкен Жезқазған емес, сонымен қатар Қазақстандағы тағы да басқа кен-қазына орындарының ашылуы, Қаратау фосфориті, Қостанай мен кенді Алтайдағы темір және марганец, Қарағандыдағы металлургиялық зауыт, Жезқазған жеріндегі ірі өндіріс орталықтарын сумен қамтамасыз ету мақсатымен Сарыарқаның кен даласына Ертіс-Қарағанды каналының құрылысына және т.б. зор еңбек сіңірді.

4. Сегіз қырлы, бір сырлы...

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Ғылым Академиясының көшбасшы президенті, академик Қ.И.Сәтбаев туралы былай деп айтқан екен: "Ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі". Бұл Қазақстан ғалымдарының ұлағатты басшысына берілген ғылыми бағаның ең

үлкені. М.О.Әуезов Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқып, студенттерге сабақ берген болса, Қанекен де уақытының тапшылығына қарамай, қазақтың оқу орнының қара шаңырағы - университетпен тығыз байланыста болған. Ертеректе "Ендік-Кебек" пьесасын туған топшырағында қойып, онда басты рөлдердің бірінде ойнаған. Шоканың шығармаларын, Абайдың поэзиясын жатқа айтып машықтанған. Ер-Едіге эпосын қазақ тіліне аударған және қазақ тілінде алғашқы алгебра оқулығын және т.б. жазған.

5. Есімі жұлдызға берілген...

Академик Қ.И.Сәтбаевтың есімі - өмірінің соңғы күніне дейін басшылық жасаған геология институтына, Қарағанды облысындағы қалаға, Жезқазған мыс комбинатына, Жоңғар Алатауындағы шың мен муздыққа, гүлдің гладиолус және сирень түрлеріне, туған жері - Баянауыл ауданындағы кеңшарға, бірнеше жердегі мектептер мен көшелерге берілген. Қаратаудың ванадий кендерінен табылған сары түсті минерал-сәтбаевит және жұлдызды аспандағы кіші планета-астероидқа (№2402) берілген.

ЮНЕСКО көлемінде тойланып жатқан ғұлама мерейтойына жұлдызды аспандағы "Сәтбаев планетасы да" қуанып тұрғандай. Себебі, артында телегей-теңіз, мол мұра қалдырған ғұламалар, ғасырды ғарышқа жалғастырар мәңгілік жұлдыздар іспеттес емес пе.

Алтынбек НУХУЛЫ,
химия ғылымдарының
докторы, профессор.

Ғылым тарланына тағзым



Суретте: Ғалым рухына арналған салтанатты кешке қыздары Қаниса Қанышқызы және Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаевалар қатысты.

Университетімізде Қазақстан ғылымының көш басшысы, Ғылым Академиясының алғашқы президенті, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының иегері, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. Бұл ауқымды шараны университеттің халықаралық байланыс және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Ф.Б.Байымбетов жүргізіп отырды. Ғылым тарланының қыздары кештің қадірлі қонақтары болып, жиналған студенттер мен оқытушылар қауымына әкелері туралы сыр шертті.

ҚР ҰҒА-ның вице-президенті, академик Аманжол Қошановтың, академик Өмірзақ Султанғазиннің, Қ.И.Сәтбаев Халықаралық қорының президенті, ақын Кәкімбек Салықовтың, академик Зейнолла Қабдоловтың, филология ғылымдарының докторы, профессор Түрсынбек Көкішевтің, сәулетші Шота Уәлихановтың, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Мейірхан Әбілдиннің, химия ғылымдарының докторы, профессор Хабиболла Оспановтың қазақ ғылымындағы тұғыры биік тұлға туралы тағылымды әңгімелері кеш мазмұнын байыта түсті. Кештің жауапты хатшысы химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нухулы болды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Бекболат Тілеуханов, "Дарын" сыйлығының иегері Нұрлан Өнербаев Қаныш ағаның сүйіп тыңдаған әндерін орындап, салтанат сәнін арттырды.

Әлем-ақпарат



Әлем-ақпарат

Украина Косово мәселесін шешуге байланысты жоспар ұсынуда

Клайпеда. - Украина Белград пен арадағы топтарға Косово мәселесін шешуге қатысты 3 кезеңдік жоспарды жолдады.

Киев Югославия үкіметіне Косовоға қарсы әскери қимылдарды тоқтатып, оларды өлкеден алып шығып, босқындыққа ұшыраған халықтың халықаралық бақылаумен елге оралуына жағдай жасауды ұсынуда. Ол үшін НАТО бомбалауды, ал косоволықтар қарулы акцияларды тоқтатуы керек. Сонымен қатар жоспарда бейбітшілік күштер ретінде БҰҰ немесе ОБСЕ-мен бірге Украинаның қатысуы көзделген.

Югославия төңірегінде

Сербияның KISS арнасы хабарлағанындай, Косоводан халықтың босып кетуі НАТО-ның бомбалаулары салдарынан болып отыр. Алайда, бұл пікір македондықтардың танданысын тудыруда.

Косоводағы албандардың жағдайы Серб қарулы күштерінің террорын тоқтату үшін бірнеше жылдан бері натолықтардың қатысуын қажет еткен. Тіпті, сербтердің Косово шекарасының ашылуына байланысты таратқан хабарлары да жалған ақпарат көрінеді.

Албандықтарды қуу жоспары Гамбуйедегі келісімдерден бұрын дайындалып, серб және югославиялық шенеуніктердің үстелдерінде жатқандығы да айқындала түсуде. Онда барлығы белгілі бір жүйемен реттелген, алдымен әртүрлі алаңдатушылықтар тудыру арқылы албандардың мекенін оклен атқылап, кейін оларды қуа отырып, шекара бойындағы арнайы жөнелтілген жүк көліктеріне отырғызып, елден шығарып жіберу керек болған. Албандарды қуу 30-жылдардан кейін-ақ сербтердің ұлттық бағдарламасына айналған. Сол уақыттардың өзінде мыңдаған түріктер мен албандар Туркияға қашып шығуға мәжбүр болған. Өлкедегі жағдайға байланысты "албандар, Македония және Черногорияның ұлттық күштері серб үстемдігіне қарсы күш жимақшы" делінген Австрияның "Прессе" баспасөзінде.

Ағылшын акушерлері дабыл қағуда

Келер 2000 жылдың 1 қаңтары жақындаған сайын ағылшын акушерлері де мазасыздана түсуде. Англия басқа да мемлекеттер сияқты "Бала-2000" жарысына білек сыбана кіріскен.

Британ телеарналары 2000 жылдың 1 қаңтары түнінде перзентханадан жүргізілетін тікелей репортаждарға қызу дайындық үстінде. Дәріханаларда жүктілікті тексеруге арналған құралдар тегін үлестірілсе, олардың сатылуы да 50 пайызға өскен. Мамандар келер жылғы бұл науқанға ерекше әзірліктің қажет екендігін айтуда. Тіпті, акушерлер мен медициналық жабдықтардың жетіспеушілігі де болып қалуы ғажап емес көрінеді.

Ресейдің "Яблоко" фракциясы Югославияның Ресей және Белорусь одағына кіруіне үзілді-кесілді қарсы

Ресей мемлекеттік думасы Ресей Федерациясының президентіне Югославияның Ресей және Белорусь одағына кіруіне қатысты жолдауды талқылау кезінде оған "Яблоко" фракциясы үзілді-кесілді қарсы шықты. Олардың арнайы жолдаған өтініштерінде бұл қадам Ресейді соғысқа итеріп қана қоймай, жетекші ядролық державалардың үздіксіз майданға шығуына әкелетіндігі туралы айтылған.

Әлемдегі ең ұзын шұжық

Германия күніне орай жасалынды

Оның ұзындығы 5 шақырым болса, бұдан бұрынғы рекорд та неміс аспазшыларының үлесінде болатын. Оның ұзындығы бұдан сәл төмен, яғни 4,5-ақ шақырым еді. Аспазшылардың сөзіне қарағанда, аталмыш шұжықты дайындау үшін 40 шошқа еті мен 20 түрлі аспаздық өнер жұмсалған.

Шұжық Гиннестің рекордтар кітабына тіркелгеннен кейін, ол 15 мың бөлікке кесіліп, барлық адамдарға үлестіріліп берілді.

Әлем-ақпарат хабарларын Интернет жүйесі бойынша
дайындаған: халықаралық журналистика кафедрасының
2 курс студенті Сейіл ҚҰМАР.

Жаңа басылым

"Жас Түркістан" журналы



1929 жылы Берлинде "Яш Туркистан" журналы шыға бастағаны белгілі. Оған Парижден Мұстафа Шоқай (1890-1941) жетекшілік етті. Журналды шығаруға он жыл бойына Мұстафа Шоқайдың Тайыр Шағатай (1902-1984) және Әбдулақап Оқтай (1904-1968) есімді шәкірттері атсалысты. Олар 1922 жылы Берлинге оқуға барып, сонда қалып қойған өзбек азаматтары болатын.

Журнал 1939 жылдың тамыз айына дейін, яғни 2-дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін шығып тұрды. Оның барлығы 117 саны жарық көрді (қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, т.б. түгел оқып-түсінсін деген мақсатпен журнал араб жазуымен шағатай тілінде шыққан).

Кезінде эмиграция жағдайында заманының ең күрделі мәселелерін қозғаған бұл журнал 1998 жылдың мамыр айынан бастап "Жас Түркістан" атымен Қазақстанда қайта шыға бастады. Шығарушы 1996 жылы Алматыда құрылған Мұстафа Шоқай қоры (Бас редакторы - осы Кордың төрағасы Батырхан Дәрімбет).

"Жас Түркістан" қайта түлеп жатқан еліміздің дұрыс жол таңдауына септігін тигізеді. Түрік әлемінің бірлігі мен біртұтас Түркістан идеясын насихаттайды. Түрік бірлігіне барлық түрік текстердің әуелі мәдени-рухани тұрғыда бірігуі арқылы қол жеткізуге болатынына кәміл сенді.

Екі айда бір шығатын теориялық-танымдық, ғылыми-көпшілік ой-пікір басылымы болып табылатын "Жас Түркістан" журналының ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен аспиранттарға, жоғары курс студенттері мен магистранттарға берер пайдасы мол.

Фадли ӘЛИ,
Мұстафа Шоқай қорының
басқарма мүшесі, "Жас Түркістан"
журналының бөлім меңгерушісі.

Нақыл

Жолаушы жолға,
Саудагер қолға қарайды.
Жомарт күнге,
Қаракшы түнге қарайды.
Өсекші ауызға,
Диқан қауызға қарайды.
Арызкой ізге,
Данышпан сөзге қарайды.

Жүзгіш ағысқа,
Күйші қағысқа қарайды.
Арғымақ шабысқа,
Ақымақ шалысқа қарайды.
Қарға шөккенге,
Бұлбұл көктемге қарайды.
Жалғыздар есікке,
Аналар бесікке қарайды.

Шәкіртің болғаныма мақтанамын...

(Ұстазым Әуезовке)

Ассалаумағалейкүм, пайғамбарым,
Қаратасқа сыймаған қайран дарын.
Қазақтың аспанынан ағып түсіп,
Әлемдік жырға айналып жазғандарың.

Абайдан, Әуезовтен бақ табатын,
Көкіректі тазартып аққан ағын.
Қолыңды алып, есігіп лебізді,
Шәкіртің болғаныма мақтанамын.

Мұхит болып қалыпсың мөлдір таза,
Өзіңді ойлап кетсем жоқ қой маза.

Қазақтың қуғынынан Мәскеу қашып,
Орыстың пышағынан болдың қаза!

Сан белесте сағынам күс үніңді,
Шығыстың Шекспирі түсі мүңлі.
Дүниеге дүр гауһар сыйлап өткен,
Әлдилеп жүрем ұлы мүсініңді.

Ұрпаққа үлгі етемін әр ісіңді,
Сені қуған дұшпанның сағы сыңды.
Өзіңдей өріс ашып ойлы өркенмен,
XXX ғасырға апарам дәрісіңді.



**Шығыстанушы, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Өтеген КҮМІСБАЕВ**
ақындық дарынымен де елге
танымал талант иесі. Мерейтойымен
құттықтай отырып, жыр
топтамаларынан үзінді бергенді
жөн көрдік.

Кемел кез



**“Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға”, -**

деп, ұлы Абай айтқандай, ұстаз еңбегі әншейінде көзге көріне бермейтін, елене қоймайтын, бірақ түптің түбінде халық үшін одан маңызды, одан пайдалы мамандықтың жоқ екендігіне бүгіндері аға жасы алпысқа келіп отырған профессор Серік Сәрсенғалиұлы Оспановтың өткен өмір, ұстаздық жолын шолғанда көзіңіз жеткендей болады. Иә, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор С.С.Оспановтың университет табалдырығын аттап, білім, ғылым, ұстаздық жолына түскеніне 43 жыл болыпты. Айтуға ғана оңай болғанымен бұл жылдардағы Серік Сәрсенғалиұлының алдағы үлкен мақсаттарға жету жолындағы қызығы мен қиындығы қатар

соғып отыратын ұзақ ізденістері бүкіл саналы ғұмырының деніне айналды.

Уақыт қандай жылдам десеңізші. Әйтпесе, Серіктің де туған жеріндегі орта мектепті алтын медальмен бітіріп, сонау Батыс Қазақстаннан Ақ Жайықтың жағасынан арман қуып, Алатаудың аясындағы ару Алматыға келіп, Қазақ университетіне түскені кеше ғана сияқты еді. 1961 жылы университетті үздік бітірген ол есептегіш математика кафедрасының жанындағы есептегіш машиналар лабораториясына инженер болып қалдырылады. Осы уақыттан бері 38 жыл бойы С.Оспанов профессорлыққа дейінгі ұстаздық жолдың бәрін абыроймен жүріп өтті. Жас ғалымның ғылыми ізденістерінде Новосибирскідегі академиялық қалашықтағы ғылыми тәжірибеден өтуі шешуші із қалдырды. Оның ғалым болып қалыптасуына Г.И.Марчук, М.М.Лаврентьев, А.И.Мальцев, А.Д.Тайманов сияқты аттары әлемге мәшһүр ғалымдардың ықпал-әсері зор болды. Серік 1972 жылы экономика ғылымының докторы, Новосибирск университетінің профессоры К.А.Багриновскийдің жетекшілігімен экономикалық-математикалық модельдерді қалыптастыру және талдау проблемалары бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Осы саладағы ұзақ жылдар бойғы тынымсыз ғылыми ізденістердің нәтижесінде ол 1996 жылы экономика жүйесіндегі математикалық модельдеу мен математикалық әдістерге есептегіш машиналарды қолдану проблемалары бойынша докторлық диссертациясын қорғап шықты.

С.Оспанов математикалық экономика,

есептегіш машиналарды экономика саласында қолдану саласындағы белді мамандардың бірі ретінде 1991-96 жылдары ҚР Экономика министрлігі жанындағы экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институты директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Сөйтіп, нарықтық қатынастар жүйесіне көшіп жатқан Қазақстан экономикасының дұрыс бағытта болуына өзінің үлесін қосты.

С.С.Оспанов - ұлағатты ұстаз. Оның шәкірттері қазір еліміздің ғылыми мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, халық шаруашылығының барлық саласында дерлік жемісті қызмет атқарып жүр.

С.Оспанов - елудей, оның ішінде бір монография, бірнеше оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. Серіктің қазақ, орыс тілдерінде бірдей жазып, бірдей дәріс оқытын қабілетін ерекше атап өткіміз келеді. Ол информатика мен есептегіш техникалар бойынша қазақ теледидары арқылы “Информатика бойынша он дәріс” лекциялар курсының оқыды. А.Д.Кушниренконың “Информатика мен есептегіш техника негіздері” оқу куралын қазақшаға аударды.

Ол - ҚР ҰҒА теориялық және қолданбалы математика институты жанындағы докторлық диссертация қорғататын диссертациялық кеңестің мүшесі. “ҚазМУ хабаршысы” журналының редакциялық алқа мүшесі. Ғалым-ұстаздың еңбегі ескеріліп, “Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі” белгісімен марапатталған.

Д.ЫСҚАҚҰЛЫ, профессор.



За одну пломбу придется платить 300 тенге

Посещение студенческой поликлиники и ее здравпунктов являются, несомненно, неотъемлемой частью студенческой жизни. Сюда приходят с самыми разными проблемами: от получения справки до лечения серьезного заболевания.

Для многих студенческая поликлиника - единственное место где можно найти утраченное здоровье, было бы только желание, как говорится. Но не всегда все зависит от этого самого желания, тем более для такого мало защищенного в социальном плане части населения - как студенчество. Ведь далеко не все студенты получают помощь от родственников. Немалому их числу приходится жить на очень скудные средства. Студенческая поликлиника до сих пор была тем единственным местом, куда можно было бы прийти без одной тенге в кармане. И вот вышло Постановление правительства РК от 29 января 1999 г. №70, отменяющее бесплатное получение стоматологической и физиотерапевтической помощи гражданами РК с 18 лет. И вроде цены весьма доступные. (Могут ездить в коммерческих автобусах, смогут и за медицинские услуги платить). Но уже сегодня врачи почувствовали, как заметно сократилось число их пациентов. Что там говорить, если одна процедура физиотерапии стоит в среднем 50-70 тенге, а таких процедур для полноценного лечения требуется 10-15. В стоматологии все гораздо дороже. За одну пломбу придется платить 300 тенге и более, а самая дорогая услуга - лечение заболеваний слизистой оболочки рта - обойдется в 848 тенге, и это при 1400 стипендии. Теперь даже за т.н. оформление мед. документации придется платить только бы введение платных услуг на стоматологию и физиотерапию не стало плавным переходом к платной медицинской помощи вообще.

Наташа ЛУДАНОВА,
студентка I курса журфака.

Здоровый образ жизни

Студент дертінің емі түгіл аты да жоқ

Тән ауруы

Республикалық туберкулез институтының мәліметі бойынша, бұл аурумен ауыратындардың басым көпшілігін (70-80%) студенттер мен түрмеде отырғандар құрайды екен.

Қазақстанның түкпір-түкпірінен білім қуып келген жастардың қалада жүріп, осындай ауруға шалдығатыны жаныңды ауыртады. Сондай-ақ, студенттің тән ауруымен қатар жан ауруы да бар.

Жан ауруы

Бүгінгі күні студент уақытын босқа өткізеді. Студенттерге арналған мәдени шаралар аз емес. Бірақ, оның орнына студент өзінің жеке көлігімен университеттің алдына келіп, аузында шылым, қолында сотовый телефон, үстінде қымбат киім, сабаққа да кірмей бір-бірімен әңгімелесіп кетуге ғана келеді. "Бүгін кім кімнен асып түсер екен" деп аңдып тұрады. Ал түнгі клубтар, кафе-барлар аптаның кез-келген кешінде жастарға толы. Мұның бәріне қолы жетпегендердің армандаудан басқа шаралары жоқ. Осыдан келіп жастардың арасында менсінбеушілік, алалаушылық, еріншектік, мақтаншақтық өрлеуде.

Бүгінгі студент дертінің емі түгіл аты да жоқ...

Гулсая ТҮМЕНБАЕВА.

Ақпарат-айдын

"Жас философтар" мектебі құрылды

Жуырда философия және политология факультеттері жанынан оқытушы І.Асқаров жетекшілігімен "Жас философтар" мектебінің ұйымдастырылды.

Мақсат-мүддесі оқу бағдарламаларында қарастырылмайтын немесе түбегейлі зерделенбеген рухани дүниелерді ой талқысына салу; өмірдің бүгінгі күні алға қойып отырған өзекті мәселелерін философиялық тұрғыдан талдау, жастардың ойлау, дәлелдей алу, ой жарыстыра білу мәдениетін жетілдіру; енді-енді қалыптасып келе жатқан ұлттық философияның танылмаған тустарын талдауды жетілдіру және тағы да басқа ізгі міндеттер болып табылатын мектептің мәні зор екені анық.

Өздерінің алғашқы сабағын қазақ ғұламасы, 100-жылдығын бүкіл әлем болып атап өтіп отырған Қаныш Сәтбаев өміріне арнаған жас философтар бастамасы шын мәнінде ұлттық ұлағат нәріне еркін сусындаған сабақ берер білімнің бір кішкене ошағы боларына сенім мол.

ҚазМУ баспасөз қызметі.

Не болейте, друзья!

Ошибки молодости порой нам слишком дорого обходятся. Беспечное отношение к здоровью подрывает его, растрачиваются впустую неизменные силы организма. И можно в такой ситуации очень легко заболеть гриппом или более серьезными - сифилисом или СПИДом.

На сегодня среди студентов выявлена большая степень заболеваемости туберкулезом. В основном болеют студенты I, II курсов и часто они тщательно скрывают свои болезни, подвергая опасности здоровых людей.

И не всегда пропаганда здорового образа жизни в силах удержать молодежь от многих сомнительных соблазнов. А в итоге, как по Чехову: "протестует лишь немая статистика", И наша статистика выявляет, что на:

I месте стоит туберкулез.

II месте - сифилис.

III-заболевание дыхательных путей, ОРЗ, грипп.

IV-заболевание пищевода.

Вот такая печальная картина. И если с туберкулезом все еще воюют, а он не уменьшается, то с заболеванием половых органов дело обстоит более удачно. Видимо, раздача бесплатных контрацептивов сработала. Но теперь с этого года придется выделять из своей маленькой стипендии денежки, т.к. "безопасный секс" придется покупать. Да и не только его, мы будем выкладывать денежки, если заболят зубы или легкие, так как эти услуги в студенческой поликлинике платные. И отныне лечение для нас будет дорогим удовольствием. Так что - не болейте, студенты!

А.КАРГАЛИНОВА,
наш корреспондент.

**Мендібай ӘБІЛУЛЫ:****“...Бізде қазақ қыздары темекі тартпайды...”**

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, филология факультеті деканының орынбасары, журналист-жазушы, осы факультеттің қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы Мендібай ӘБІЛУЛЫ редакциямызға қонаққа келген еді.

Тілші: - Бердақ атындағы Қарақалпақ Мемлекеттік университеті Орталық Азиядағы жоғары оқу орындарының бірі. Өзініз еңбек ететін филология факультеті жайлы не айтасыз?

Мендібай Ә.: - Факультетімізде қарақалпақ тілі және әдебиеті, өзбек тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, түрікмен тілі және әдебиеті бөлімдері негізінде мамандар дайындаймыз. Қазір 700-ден астам студенттер білім алып жатыр, оларға ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткен академик ағамыз Абатбай Дәулетов, профессорлар Қамыл Мәмбетов, Жүгініс Пахратдинов, Қалымбет Сұлтанов, Қабыл Максатовтар дәріс оқиды.

Тілші: - Жас оқытушы-ғалымдарға қамқорлық бар ма?

Мендібай Ә.: - Жас оқытушы-ғалымдарымыздың қалаған уақытында ғылыммен айналысуына, білімін жан-жақты жетілдіруіне мүмкіндік мол. Өзбек тілі және әдебиеті бөлімінің жас оқытушылары Самарқанд, Үргеніш жоғары оқу орындарында, түрікмен тілі және әдебиеті бөлімінің оқытушылары Ашхабадтағы жоғары оқу орындарында білімін жетілдіріп қайтады. Университетіміздің оқу, тәрбие, ғылыми

жұмыстарында жоғары жетістіктерге қол жеткеру үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университетімен тығыз байланыс орнатқан.

Тілші: - Қазақ тілі және әдебиеті бөлімі туралы не айтасыз?

Мендібай Ә.: - Біздің қазақ филологиясы кафедрасы оқытушы-ғалымдарының алдында студенттерге жан-жақты білім, тәрбие берумен қатар ана тілі - қазақ тілін өркендету, осы өлкедегі қазақ ақын-жыраулары поэзиясын зерттеу, жинау, басылымдарға жариялау мақсаттары тұр.

Біз Орталық Азиядағы үш мемлекетте: Өзбекстандағы, Қарақалпақстандағы және Қазақстандағы қазақтар үшін, Қазақстандағы қазақ емес басқа ұлт өкілдері үшін де мамандар дайындаймыз. Атап айтар жәйт - Қарақалпақ еліндегі қазақтар Қазақстанға көптеп қоныс аударып жатыр. Сол қоныс аударушылардың бізде оқитын балалары оқуды бітірген соң Қазақстанның түкпір-түкпіріне барып өз мамандығы бойынша еңбек ететіні сөзсіз. Қазір біздің университетті бітірген қазақ тілі мамандары көбіне Қазақстанның оңтүстік облыстарына барып орналасуда. Мысалы, қазақ тілі және әдебиеті бөлімін бітірген жас мамандар Алматы облысы, Талғар ауданы “Жалғамыс” орта мектебінде қазақ тілі және әдебиетінен сабақ беріп жүр. Бұл мектептер кешегі кеңес одағы кезінде орыс тілді болатын.

Тілші: - Студенттеріңіз хақында не айтасыз?



Мендібай Ә.: - Мен осында келгелі қарным ашқан көрініс - кейбір қазақ қыздарының оқу орнының алдында шылым шегіп тұрғаны. Бізде қазақ қыздары темекі тартпайды. Факультет жиналыстарында ұлттық дәстүрлерді сақтау, өркендету мәселелері күн тәртібінен түспейді. Қыздарымызды ибалы етіп тәрбиелеу - басты мақсат. Оқу орнында жоғарыдағыдай қылықтарға рұқсат жоқ.

XX-ғасырдың басында Сыр өңірінде өмір сүрген ақын Ерімбет Көлдейбекұлы атындағы әдеби үйірме жұмыс істейді. Үйірмеге мен жетекшілік етемін. Үйірме мүшелерінің көбі өнерлі жастар. Әнші-күйші, өлең жазатын студенттер көп.

М.Әуезовтің 100 жылдығы, Т.Айбергеновтің 60 жылдық мерекелерін ұйымшылдықпен өткердік. Сонымен бірге “Жұлдыз” қабырға газеті шығып тұрады.

Тілші: - Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген өз тілшіміз.

“Сенің жазығың жоқ, менің азығым жоқ...”**Алматының кейбір жоғары оқу орындарын аралағанда туған ой**

Өзіміз білетін студент емтихан алдында қысыр сөз түгіл маңайына көз тастауға уақыт таппай кітапқа шүкшініп, немесе жан қалта, қойын қалғаларын түгел шпорға толтырып, кудайдың атын 99 болмаса да оншақты рет қайталап, пайғамбар, әулие-әмбис атаулыға бірін қалдырмай сиынып тұрушы еді. Ал, бұлар жайбарақат. Алдағы сыннан сескеніп қобалжыған ешқайсысы байқалмайды. Қолдарындағы кітаптарын жай ғана “сән” үшін ұстап тұрғандай.

Әңгіме ауанын бастасак, ұстаздар қауымына деген өкпеназдарын айтып тұрған сыңайлы. “Мүғалімдер сынақ, емтиханның алдында өтпей жатқан кітаптарын қымбат бағаға сатады. Оқуға тұрарлық болса, кудайдың жөні, кейбіреуі тіпті пәнге үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Екі кітапты бірден сататындары да болады. Бағалары 150-400 теңге аралығында”, - дейді шарасыз олар.

Айтуларына қарағанда оқытушылар ал деп мәжбүрлемейді. Бірақ, алмағандардың “қара тізімі” емтихан кезінде алдында жатады. Ол “мүңкір-нәңкірдің” төпелеген сұрағының астында қалшың деген сөз. Аман қалсаң - өттің, әйтпесе қыл көпірден құлағаның. Олар қысқы сессияда тек қана кітапқа 2000-ға жуық теңге шығарыпты.

Сыртай оқитындардың көбінің алдында алыс ауылдардан жолына қаражатты әзерт ауы келетінін ескерсек, бұл оларға ауыр салмақ. “Есектің артың жусан да мал тап” десе де,

зақ тілімен бұл әрекетті қызмет бабын асыра пайдалану демеске лаж жоқ.

Ұстаздар қауымының да жетіскеннен өз кітабын өзі дорбалап көтеріп жүрмегенін білеміз. Осындайда “сенің жазығың жоқ, менің азығым жоқ” деген малға қарата айтылған сөз еске түседі.

Мұхтар СЕҢГІРБАЙ.

**Күлдіргі-күйдіргі****Сағат жөндеу****Цехында -**

Сағат жөндеу цехында кілең әйелдер істейді. Еңбек көрсеткіші мардымсыз болған соң басшылар кеңес ашала.

- Әйелдердің әңгімесі көп. Сөйлесіп отырып дым жұмыс бітірмейді, - дейді біреуі.

- Енді қайттік?

Ордадан бір ақылман шығып: - Әйелдерді теріс қаратып отырғызайық. Сонда әңгімені аз айтады, - дейді.

Басшылар келіседі. Бір айдан соң еңбек өнімділігі екі есе төмендеп кетеді. Дерееу зерттеу жүргізсе, сөйлесе отырып жұмыс істеп үйренген әйелдер теріс қарап отырған соң сағаттары жөніне қалады екен.

Сол цехтың кебін біз де киіп жүрген секілдіміз. Ректорат фойесінің бір жағын темірмен қоршап қойған соң біз де теріс қарап жүреміз деп алтын уақытымызды өлтірудеміз...

Жоқ іздеген жанмын...

Мен кейде жоқ іздеген жолаушыдаймын. Көктемнің жаңбыры мол, ойлы кейіптегі күндерінде жападан-жалғыз Алматының өсем көшелерінде ой атты шетсіз дүниеге сүңгіп бара жатамын. Осындай сәттерде қаптаған қалың сауалдардың қамауында қалып, жауап іздеп жанұшыра жанталасамын.

Мағынасыз ғұмыр, кері кеткен заман, қанша талпынсаң да дақылымен теңіз түбіне гартатын өмір.

Мен кейде тіпті адамдардан қорқамын. Бір-біріне жауласып тіс қайрауы, ұсақ мінезділіктері бәрі-бәрінен бір сәт жан иесі мекендемейтін әлемге безіп кеткім келеді.

Адамдардың бір-біріне өнн болатыны несі екен? Бүгінде біздер басқаларды былай қойғанда, жақынымызға да сенімсіздікпен қарайтын халге жеттік. Өйткені өмір тәжірибесі солай. Қазіргі досың күндердің күнінде етегіңнен тартып жауыңа айналуы мүмкін. Қуанышыңды да, қайғыңды да бөлісетін жақын жансыз мына ғұмырда мағына бар ма екен?

Адамдар неге тек “өзім болсам”, “өзім толсам” дейді екен? Қайсыбірінің әңгімесін тыңдама, бәрі өзінің “менін” жоғары қояды. Өзгенің қиыншылығы мен қайғысыңа бас тартып ойланғысы да келмейді. Қара басының қамын күйттеген адамнан не күтерің бар?

Біз осы неге жалқаумыз? Біреу келіп “мынаны былай істе”, “мынаны былай қой” демеуіңше қозғалмаймыз. Жан-жаққа қарал қимылдайтын кез жеткен сияқты. Өзге халықтар еңбек етіп, алға ұмғылып жатқанда қазіргі “піс, аузыма түстің” керімен әлі келеді.

Біз неге арымызды сататын саудагер болып барамыз? Бар кінәні заманның үлесіне аударып салып, ар-намысты аяққа таптатып ақша табу дертке айналды. Бірақ әр адамның ар атты иесі бар екенін, ол бәрінен де жоғары тұратындығын естен шығарсақ, онда біздің мақұлықтан айырмаларымыз шамалы болғаны да.

Жаңбыр әлі себелеп тұр. Күллі жамандық атаулыны осы жаңбыр жуып кететіндей іштей “жау, жаңбыр, жауа түс” деп келемін.

Айнур АБАЙҚЫЗЫ.

Қар астында қырмызы көктем...

Дәл бұлай болады деп ойлаған жан дейсіз бе? Адам адам болып туылысымен қоршаған ортасынан өзінің ерекше жаратылысын, сан мың өзгешелігін айқын анықтап алды емес пе? Әйтпесе, оның өзге жануарлардан айырмашылығын кім қашан айтып жеткізеді. “Кеудесі жоғары болған жан жоғары болады” дегендей, әр жанның өзінің алдына қойған мүдделі мақсаты, бұлдыр болашағын анықтайтын бағыт-бағдар болуы сөзсіз екені де мойындарлық жәйт емес пе?!

Дегенмен бәрі әрқашан ойдағыдай болып, әсіреленген, әспеттелген болып, төрткүл дүние дөңгеленіп жүре берсе Алла тағаланың ыстық ықыласына бөленген пенде атаулы жақсы мен жаманды, қайғы мен қуанышты, қиянат пен адамгершілікті, осы секілді толып жатқан антонимдерден тұратын сөз тіркестерінің мәнін түсінуден қалып, бұл сөздердің маңызы жойылып, өмір атты алып кемеңнің қула жарға соғылуы да ықтимал деген қауіп те жоқ емес.

Аразы басы тең тұруының шарты да осындай сиқырдан, жауабы жоқ жұмбақтан тұрады ғой.

“Өмірдің ашы күйігін татпаған адам, оның тәттілігін қадірлей алмас”- дейтін мектеп қабырғасында жүргенде мән бермеген ұстаз сөзі есейгенде өзі-ақ есіңе айналып түсе береді екен. Иә, мектеп атты алтын уяда жүргенде “болашақ” сынды бағдай тәтті бал дәуреніміздің өліп кеткеніне енді мойнымызды қайыра бұрып тұрып өкіне бармақ тістейтіндеріміз де жоқ емес. Қаншама айтылмаған сөз, ашылмаған мұң, шертілмеген сыр, сезілмеген сезім қалды екен... Әйтседе, өмір қомпас емес, өткенге деген өкініш өзегіңді өртесе де, оның бірқалыпты бағыты сонау алдағы болатын,

әрдайым соңынан жетелейтін беймәлім болашақ атты тылсымға бұрылып тұруы да заңды көрініс. Оқушылық өмірді артқа салып, студенттік тіршілікке қадам басудың өзі әркімнің сыбағасына тиген бақыт емес. Студент атанып сыныптастарыңды бір сәтке естен шығарып, өмірдің жаңа талаптарына сай бойынды бұра бастайсың. Қызығы мен шыжығы мол күйік тірліктің ыстық - суығына бірге қуанып, қайғыра білетін достар табатын кез бұл. Сыныптастың көлеңкесі көмескілене бастаған естен кетпес елеске айналуы мүмкін деген күдік те молаятын кез бұл. Қауіп қатері қыл көңірден еш кем келмейтін сәт те осы кез. Аз сөйлеп, көбірек тыңдап, “Жаман адам жақсы жазушы бола алмайды” деген макалды еске сақтап, жүрегің мен қаламыңа үміт артудың аздық ететінін санаңмен саралап, көңілмен байыптап, оған толғауы терең білім дүниесінің ауадай қажеттілігін өн-бойыңмен түсінетін кезің. Сенім мен жігерден тұратын егіз жұп көмек көрсететін тайғанақ мұз алаңындай шақ. Асқар таудың қияр шыңында қалықтаған ансаған асыл арманың сені алдамайтынына кәміл сеніп, келешекке деген көзқарасың қалыптасып, белді бекем буар шақ бұл деп жүргенде күн артынан күндердің, ай соңынан айлардың жыбырлап жылжып жатқанын ескерер кезіңнің де келгенін еске аласың. Еске аласың да зымыраған уақытқа таң қаласың. Күні кешегі уақыт еді. Қазақтың білім беру ордаларының қара шаңырағына келген мерзім күз болатын-туғын.

Шынар ӘБІЛДАЕВА.

Көңіл толқыны

Востроение открытого окна

(новелла)

Мы всего лишь капли дождя. Мы всего лишь слабые отзвуки эха. Мы всего лишь частички, крохотные частички гигантского эха, и никогда нам не узнать за печальный или радостную колыбельную песнь отражает наше теплое эхо.

Нам никогда не узнать чье дыхание рождает ту песню, что отражаем мы. Нам никогда не быть вместе, нам никогда не стать одним целым. Мы капли дождя, разделенные пространством своих душ.

У нас одно начало, но пути разные. У нас одно пространство для полета, но разные границы, и у каждого они свои.

Пространство души, расстояние ее полета, вот что разделяет нас. Разве вы когда-нибудь видели, чтобы две капли летели вместе, соединив свою хрупкую прозрачность?

Неуловимое дыхание души. Эй, кто там у окна?! Позвольте войти в вашу душу, откройте мне ваши сокровищницы и тайники и я подарю вам все, что вы захотите из моих запасов.

Я чувствую неуловимое дыхание вашей души, позвольте мне лететь вслед за ней. Позвольте мне разгадать ваш секрет, тайну боя* вашего сердца. Скажите, кого вы любите, о ком помните?

Вы уходите даже не взглянув на меня, даже не заметив меня. Что ж, я отпускаю вас, летите дальше. И у каждого из нас есть только миг, чтобы в своем полете успеть взглянуть в глаза другому человеку и лететь дальше.

Постойте! Я так хочу отдать вам тепло своего дыхания, я так хочу успеть вас и услышать ваш голос, я так хочу...

- Ну куда же вы?! Хотя... вы правы, разве можно ухватить за хвост душу, даже свою...

Я так хочу успеть, я так хочу полюбить вас.

Я так хочу верить вам!

Но ваша душа по-прежнему летит мимо моей.

Жанар КУСАИНОВА.





Астана басылымдары не дейді?

Сарыбай ҚАЛМЫРЗАЕВ,
Президент Әкімшілігінің жетекшісі (Инфо-ЦЕС, 9.04.99.):

Лауазымды шенеуніктердің туған-туысы қайтыс болса баспасөзде оған көңіл айтушылар қаптап кетеді. Тіпті қайдағы бір оны танымайтын мекемелер жағымпаздана көңіл айтады. Бұл - қалыпты көрініс емес, доғару керек.

1999 жылы Қазақстанда Президенттік басқару әдісі енгізілмейді. Ондай ой-ниет те байқалмайды.

Ал село, ауыл әкімдері сайлауға мұқият әзірлікпен барған дурыс. Өзім әкім болған Жамбыл облысындағы көптеген елді мекендерде әкім сайлау жүзге, руға, ағайыншылыққа бөлуге ұласып кету қаупі байқалады.

Қазақтың ғажайып ертегілері мен аңыздарын, шешендік сөздерін білмейтін адам он жерден ана тілімізді үйренсе де, оның жүрегі ұптына елжіреп тұрмайды. Ана тілін құрметтемеген шенеунікті үлкен лауазымды қызметке жоғарылатпау керек.

Оналбек СӘПИЕВ,
Қазақстан парламенті Сенатының депутаты (Инфо-ЦЕС, 9.04.99.):

- Бюджет бекітілді-ау, бірақ көңілде түйткіл ойлар қалды. Ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуға Үкіметтен 800 миллион теңге қаржы бөлуді өтінгенбіз. Өкінішке орай, екі жүз миллион теңге ғана берілді. Кейін қосымша жүз миллионды қайыр сурағандай етіп алдық. Бұл не сонда? Мазақ па?

Әріге бармай-ақ, Астанадағы қазақ театрын алайық. Бас режиссердің жағдайы мүшкіл, әртістер әр бұрышта жиналып жүр. Мұндай хал-ахуалды республикадағы барлық өнер ордалары бастан кешіруде. Аузына су тамызатын Үкіметтің жасап отырған "қамқорлығы" жаңағыдай...

30-шы жылдарда қазақтың біртуар ұлы, мемлекет қайраткері Ораз Жандосов қаншама қиындыққа қарамай ұлттық театрларды ашуға үлес қосқаны тарихтан мәлім. Ал енді оның немересі атасы ашқан сол ұлттық өнер орындарын жауып жатыр...

Редактор (Целина, 7.04.99.):

Жизнь продолжается, и, как встарь, она полна контрастов. Ничего не изменилось на "островке стабильности". Восходит и заходит солнце, крутится бюрократическая машинка, корабль идет верным курсом. Усваиваются внешние займы. Строится здание нового столичного Университета, осенью многие вузы наверно прекратят существование или значительно свернут свою деятельность из-за недостатка финансирования. Интересно, кому достанутся их опустевшие корпуса? Хватит ли места на базаре их преподавателям?

А.ӘБІЛҰЛЫ (Арка ажары, 6.04.99.):

Астанадағы жалғыз қазақ театры өздерінің төл мерекесін кәсіби сахнада қарсы алмауы өкінішті-ақ.

Қазір қазақ тілі - мемлекеттік тіл деп айтудан жалығар емеспіз. Қазақтың тілі мен дәстүрін, салтын, қазақтың үнін естіп, үйренем деген бауырларға театрдың пайдасы зор екеніне дау жоқ.

Төрт құбыламыздан ағылып келіп жатқан "жұлдыздардың" қалтасына құйылған қаржы дәл осындай сын сағатта өздерімізге бұйырмауы қалай?

Гүлжан МҰТАБАЙҚЫЗЫ (Астана ақшамы, 6.04.99.):

Атқарушы органдар тарапынан "Тілдер туралы" Заңның қолданысын тексеру жұмысы тұрақты сипат алуға. Таяуда Алматы ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің қызметкерлері аудан прокурорының көмекшісі Е.Берлібаевпен бірігіп, осы заңның көше жарнамалары мен сыртқы маңдайшаларында қолданылуын зерттеу мақсатымен кезекті рейд өткізді. Бұл жолы тексеру №33 мектеп пен №11 кәсіптік-техникалық мектепте жүргізілді.

Осы күні "Ақмолақалалықбезендіру" қазыналық кәсіпорнымен бірігіп жүргізілген екінші комиссия "Еврострой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Держава" акционерлік қоғамындағы "Тілдер туралы" Заңның орындалуы мен ондағы ақпараттық маңдайшалардың толтырылуын тексерді. Заң талабын тиісті деңгейде орындамаған мекемелер басшыларына арнайы бұйрық шығарылды. Аудан әкімшілігі қызметкерлері мұндай орайлы жұмысты игі дәстүрге айналдырған.

Наталья ГУК (Инфо-ЦЕС, 6.04.99.):

Мысалы, Америкада балалар үйлеріне әдейі қаржы бөлінбейді екен. Керісінше жетім сәбилерді балалары жоқ отбасылары бала мүтедек болса да, өздерінің қалауларына қамқорына алатын көрінеді.

Жыл сайын Астанадағы әйелдер босанатын үйде 80-85 күнәсіз жас сәбиді аналары тастап кетеді екен. Балалар үйінен жылына 28-30 нәрестені сәбиі жоқ отбасылар асырап алғаны жөнінде мәлімет те бар. Айталық, Американың Аризона штатында тұрып жатқан бала: "Мен қазақпын", - дейді екен ағылшынша. Өйткені асырап алған ата-анасы баласына туған жерін, ұлтын айтып өсіреді екен. Ал бізде керісінше, бәрі жасырын ғой.

Мерейтой

50 жыл
лет

16.03.49.

Смағұлов Ш.,
зав. кафедры вычислит и
прикладн. математ.

30.04.49.

Нұржанов Б.Ф.,
қазақ және шетел
философиясы тарихы
кафедрасының меңгерушісі.

60 жыл
лет

08.03.39.

Шеденов У.К.,
профессор кафедры
экономической теории.

05.04.39.

Арещенко А.И.,
зав. кафедры физического
и спорта.

26.04.39.

Оспанов С.С.,
профессор кафедры макро,
микро-экон. и математ.

29.04.39.

Танашева М.Р.,
профессор кафедры
неорганической химии.

75 жыл
лет

16.04.24.

Исенғалиева В.А.,
профессор кафедры русской
филологии.

Юбилей

Қуттықтаймыз!

Қуттықтаймыз!

Қуттықтаймыз!

Қуттықтаймыз!

Поздравляем!

Поздравляем!

Поздравляем!

Поздравляем!

Намазалы Омашев:

Бармасаң, келмесен...

"Тәуелсіз елге демократияны алып келетін -

журналистика..."

Жақында журналистика факультетінің деканы, профессор Намазалы ОМАШЕВ ОРБИКОМ ұйымы Канадада өткізген форумға қатысып қайтты. ЮНЕСКО профессоры сол сапары жайында тілшімізге қысқаша әңгімелеп берген еді.

- ЮНЕСКО-ның жанында ОРБИКОМ деген ұйым бар. Бұл ұйымның дүние жүзі бойынша 22 кафедрасының екеуі ғана ТМД елдерінде. Бірі - Мәскеуде болса, екіншісі - Қазақстанда. Қазақстандағы кафедрасы біздің журналистика факультетінде. Ол "Журналистика және бұқаралық коммуникация" деп аталады. Кафедра - тек Қазақстандағы емес, Орталық Азия елдеріндегі журналистика проблемаларын зерттейтін ғылыми орталық. ОРБИКОМ ұйымы өткізген Канададағы форумға ЮНЕСКО-ға мүше елдерден 4 мыңдай адам қатысты. Негізгі әңгіме коммуникация проблемалары айында болды. Космостық байланыстағы спутниктер, Интернеттер қалай жұмыс істеуі қажет, оларды қалай дамыту керектігі туралы мәселелер қозғалды. Басты мақсат - дүние жүзіндегі коммуникацияны дамыту. Біз "Журналистика және бұқаралық коммуникация" саласында жұмыс істесек, басқа елдерде "Информатика және бұқаралық коммуникация", "Паблик рилейшнз", "Физика және бұқаралық коммуникация" секілді сапаларда еңбек етеді.

Мен дайындап барған "Қазақстан және Орталық Азия елдеріндегі демократиялық

журналистиканың даму проблемалары" деген тақырыптағы баяндамада Орталық Азиядағы бес елдің журналистикасының



дамуында қандай кедергілер бар, оларды зерттеудегі әдіс-тәсілдер қандай деген мәселелерді көтердім. Өйткені, дамып келе жатқан тәуелсіз елдерге демократияны алып келетін - журналистика, ал журналистикасы әлсіз елдің демократиялық бағыт ұстануы өте қиын. ОРБИКОМ-ның президенті Фредерико Майордың орынбасары сөйлеген сөзінде менің көтеріп отырған мәселелерімді қолдап, "бұл Орталық Азия елдерінде шешімін таппай отырған ең басты мәселелердің бірі" - деп көрсетті.

Менің бір нәрсеге көңілім қулазып қайтты. Әлемдік деңгейдегі бұқаралық коммуникациясы дамымаған ең төменгі ел - Орталық Азия екен. Біз Канада әужайына түскен кезде, басқа елдерден келген қасымдағы адамдар ішінде компьютері бар дипломаттарын ашып, елдеріне хабар жіберіп жатты. Ал мен қайтып келгенше елмен хабарласа алғаным жоқ.

Канада елін соншалықты бай ел деп ойлағам жоқ. Біз болған Монреал қаласы өте сұлу екен. Ең биік үйлері 70 қабатты, көшелері тап-таза. Менің байқағаным - адамдары әдемі келеді екен. Денелері ірі, бойшаң, денсаулықтары мықты болғандықтан ба, өндерінде балаусалық бар.

*Жазып алған
Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.*

Научные разработки на рынок

Надежды на перемены к лучшему, которые обычно дарит замечательный праздник Наурыз, в этом году, несмотря на пасмурную холодную погоду, возродились для меня на неделю раньше. Причиной хорошего настроения послужил семинар, организованный научной исследовательской частью и профсоюзом работников КазГУ, для преподавателей и сотрудников различных структурных подразделений университета.

Опытные тренеры неправительственной организации "Каунтерпарт Консорциум" провели 3-х дневный семинар по "Разработке проекта и 2-х дневный семинар по "Фандрейзингу" - привлечению средств для осуществления своих научных разработок.

Как следует из самих названий, темы проведенных семинаров актуальны для сотрудников и преподавателей университета, что и обусловило большой интерес с их стороны.

Но не только актуальность обсуждавшихся на этих семинарах вопросов, высокий профессиональный уровень тренеров

"Каунтерпарт Консорциум" Д.Асановой и Е.Виноградовой, покоривших своим мастерством даже опытных преподавателей КазГУ, определили тот положительный "заряд", полученный мною в эти дни.

Было приятно сознавать, что в нашем университете научно-исследовательская часть, и в частности, отдел - научно-технической информации под руководством кандидата биологических наук доцента Тажибаевой Т.А., не только успешно решает традиционные задачи, стоящие перед ОНТИ, но и выходит на качественно новый уровень, развивая новые подходы, адекватные современным рыночным условиям.

Создавая банк данных разработок сотрудников университета, обучая ученых КазГУ навыкам составления конкурсных проектов и методам маркетингового подхода к привлечению фондов и других ресурсов для их осуществления, расширяя контакты университетских разработчиков не только с известными международными фондами, финансиру-

емыми научные разработки, но и с неправительственными организациями, находя новые формы рекламы научной продукции университетских ученых, ОНТИ Каз. превращается, по сути, в крупный аналитический центр, разрабатывающий стратегию и тактику повышения конкурентоспособности интеллектуальной собственности научных сотрудников, преподавателей, молодых ученых и специалистов нашего университета.

Большую роль в решении перечисленных проблем играет профсоюз работников КазГУ под руководством д.ф.н. Л.С.Ахметовой. В современных, рыночных условиях он видит свою роль не только в оказании материальной и моральной помощи членам профсоюза, но и формирует в сознании людей первую, активную позицию, разрушающую стереотип "бедного писателя", зависящего от государственных и частных структур. Образно говоря, наш университетский профсоюз становится настоящей "школой выживания", обучая сотрудников университета

навыкам получения прибыли от своей интеллектуальной собственности, помогая адаптироваться к непростым, рыночным отношениям.

Особо хотели бы отметить следующие направления: "Устойчивое человеческое развитие как фактор преодоления бедности", "Права человека: новое знание", "Привлечение средств для развития" и многие другие, по которым профсоюз работников КазГУ предоставляет обучение для своих членов на льготных условиях.

Все вышесказанное, а также участники нашего семинара, проявившие такую восприимчивость к новому, такой творческий подход к решению обсуждавшихся проблем, то доброжелательное, уважительное отношение к мнению другого человека, царившее на семинарах, создали атмосферу оптимизма в отношении будущего нашей университетской науки.

*Н. МАЖРЕНОВА,
Зам. директора НИИ
по проблемам экологии.*

И на все твои вопросы я смогу найти ответы

“А знаете ли Вы, как выглядит кукла Барби в Японии. Не знаете? А в каком языке мира, если слова “мать” и “отец” написать цифрами, сложить, а сумму вновь написать буквами получится слово “сын”? Получить ответы на эти, а так же многие другие вопросы можно было в интеллектуально-познавательной игре, организованной студентами КазГУ во Дворце Студентов.

Что? Где? Когда? Ответы на эти вопросы, и ты станешь знатоком. Еще одна интеллектуальная игра сошла к нам с экранов телевизоров и стала доступной и популярной. Недавно в ответах на эти вопросы состязались пять команд - четыре студенческих и одна школьная. Для удобства участники выступали в два тура. В первом - “Разумная пятерка” университета “Туран”, “Воины-Фемиды” - юристы Института экономики и права при КазГУ. “Торнадо” - экономисты этого же вуза, во втором - “Адилет” - из Высшей школы права и школыники РФМШ. Зрителями были выпускники школ Алматы, которые сейчас выбирают себе будущую профессию. Глядя на игроков, многие из сидящих в зале мечтали оказаться на их месте. “Ты на нас погляди, стань такими же как мы” - пела одна из команд в своем приветствии “визитная карточка”. Поглядели. И очень захотелось подражать.

Студенческая жизнь во все времена характеризовалась задором и весельем - такая же она и сейчас, несмотря на холодную весну, экономические проблемы и т.д. Еще и потому интеллектуально-познавательную игру “Что? Где? Когда?” в КазГУ совместили с празднованием Наурыз. К восторгу зала, играющие команды сменялись танцевальными коллективами, исполняющими казахские, корейские, европейские танцы, игрою на национальных инструментах, концертными номерами.

- На гербе какой страны изображен корабль с парусами и рог, с сыплющимся из него зерном? А вот и новый “крепкий орешек”. На этот вопрос не ответила ни одна команда. Что ж,

все знать невозможно, хотя и стремиться к этому нужно. Как сделать свои знания более глубокими, гостям и участникам интеллект-шоу рассказали деканы факультетов КазГУ. Н.Т.Данаев пригласил всех познакомиться с механико-математическим факультетом, Г.Н.Тулегонова рассказала, для кого и для чего создан подготовительный факультет, декан филологического факультета Ж.Далебаев познакомил со своей специальностью будущих языковедов и литературоведов.

Игра продолжается. Звучит очередной вопрос. Еще кто-то заработал дополнительные баллы. Зал “болеет” за всех, не разделяя команды на своих и чужих. Случалось и так, что ответ в зале раздавался раньше, видимо, на них действовало нервное напряжение игроков. Но бой шел честный. Подсказок и других нарушений не было.

Жюри возглавляемое доцентом КазГУ А.С.Ибраевой приходилось сочетать в себе гибкость и твердость. Какому ответу отдать предпочтение - абсолютно правильному или, артистичному и яркому, но не вполне точному. Иногда сложные вопросы “расщелкивались” в один миг, а иногда сравнительно легкие оставались без ответа. Так никто не ответил на вопрос, после чего мусульмане могут приступать к трапезе.

Кстати, присуждался приз и за лучший вопрос. Их было несколько. В этом числе и такие. Почему в начале века музыкальные фирмы активно скупали соленую сибирскую рыбу.

Во вот и финал. В нем встретились команды “Торнадо” и “Адилет”. Победили команда Института экономики и права при КазГУ со счетом 58:38. Победитель известен. А вот побежденных не было. Потому, что все присутствующие получили самый главный приз - заряд веселья, бодрости духа и стали чуточку умнее и интеллектуальнее.

О.ЛОЖНИКОВА

Американдық мұғалімнің дәрісі

Журналистика факультетінде білім беру мақсатында Америка Құрама Штатындағы Оклохома университетімен тығыз байланыс орнатылған. Сондай кезекті іссапармен келіп, факультетте дәріс беріп жүрген Морин Немечек ханымға жолығып, әңгімелескен едік.


- Қай жерден келдіңіз?
- Оклохома Мемлекеттік университетінен. Бұл - Оклохома штатындағы Стилуотер қаласында.

- Келгендегі негізгі мақсатыңыз не еді?

- Біздің негізгі мақсатымыз - белгіленген үш жылдық грант бойынша Қазақ Мемлекеттік ұлттық университеті мен Оклохома Мемлекеттік университеті арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Бұл грант 1997-2000 жылдар аралығын қамтиды. Өзімізбен бірге компьютерлерді алып келдік. Соған лайықтап бағдарламаларды мұғалімдердің жасақтауына, дизайн жасауына, құрастыруына ықпал етуге тырысамыз.

- Қашан келдіңіз және қанша уақытқа дейін боласыз?

- Наурыз айының 31-күні келген болатыным. Енді мамырдың 7-сіне дейін боламын.



- Қандай пән бойынша дәріс оқисыз?

- Мен өз елімнен “Ақпарат құралдары және коммуникация” деген оқулық кітап әкелдім. Пәннің аты да осылай аталады. Бұл оқулық студенттердің әрқайсысына бір-бірден тегін таратылды.

- Сабак жүргізу барысында қандай көрнекі құралдар пайдаланасыз?

- Соңғы кездерде компьютерлер жұмысының барысында жаңа шыққан құрал “Power Point” бойынша жасалады. Мен бұл құралды өзіммен бірге ала келдім. Бұның көмегімен студенттерге лекцияның тақырыбын, соған қа-тысты әртүрлі текстерді, иллюстрацияларды көрсете аламын. Бұл құрал жүргізілген дәрісті студенттердің естерінде қалдыру үшін өте тиімді.

Сонымен қатар әр дәріс сайын дәрістің тараулары, әр тарауға берілген қысқаша түсініктемелер жазылған парақтар да әр студентке үлестіріледі.

Әңгімелескен
Гүлжан ЕСКЕНДІР.

Суретте: Морин Немечек

Жарнама

Вниманию абитуриентов

Факультет журналистики КазГУ им. аль-Фараби предлагает школьникам старших классов и всем, кто планирует стать журналистом, обучение на подготовительных курсах по специализированной программе у высококвалифицированных преподавателей.

Начало занятий - с 5 мая 1999 г. Оплата - договорная. Все справки по тел. (3172) 47-19-57.

Объявление

Профсоюз работников КазГУ им. аль-Фараби (пр. №46 от 25 марта 1998 года) объявляет о продлении конкурса на лучшую публикацию в газете "Қазақ университеті" о работе профсоюзов, подразделения или о профлидере факультета, кафедры, отдела и т.д.

Конкурс продлевается до декабря 1999 года. Итоги конкурса будут подводиться в декабре 1999 года.

По итогам конкурса учреждаются премии.

1 место - 3 000 тенге.
2 место - 2 000 тенге.
3 место - 1 000 тенге.
2 поощрительные премии - по 500 тенге.

Профсоюз
работников КазГУ.

Дорогая Гульмирочка!

Поздравляем тебя с днем твоего ангела.

Желаем тебе море счастья, любви, крепкого здоровья, успехов в учебе!

И всего того, что ты сама себе желаешь.

С поздравлением твои друзья. 3-курс, журфак.

Реклама

Жарнама

Қадірлі ұстаздар, аспиранттар, магистранттар, студенттер!

Құрметті университет қызметкерлері мен қызметшілері!

Егер Сіз жақын адамыңызды туған күнімен, мерекесімен, басқа да қуанышты күнімен құттықтағыңыз келсе;

Егер Сіз басқа факультеттерде, өзге жоғары оқу орындарында оқитын замандастарыңызбен танысамын десеніз;

Егер Сіз жадыңызда жүрген, жаныңызға жақын адамның бейнесін еске аламын десеніз;

"Қазақ университеті" газетінің жарнама беті әрдайым айқара ашық.

Келіңіз, хабарласыңыз.

Телефондар: 47-19-24, 47-82-50, 47-06-32.

Уважаемые преподаватели, аспиранты, магистранты и студенты!

Если Вы желаете поздравить дорогого вам человека с днем рождения, с победой или с каким-либо другим праздником;

Если Вы желаете приобрести друзей с других факультетов, или ВУЗов, то в газете "Қазақ университеті"

специально для Вас открыта новая страница "Жарнама".

Приходите, звоните!

Наши телефоны: 47-19-24, 47-82-50, 47-06-32.

Қадірлі досымыз, филология факультетінің 1-курс студенті

АХМЕТОВА Ақмаралды туған күнімен құттықтаймыз. Аңсаған арманына жетсін, бақыт тілейміз.

Ізгі ниетпен:

Самал, Алма, Гүлжан.

Дорогой Даурен!

Поздравляем тебя с днем твоего рождения!

Желаем тебе успешно окончить университет. Найти свое счастье не только в карьере, но и в личной жизни.

И не забывай своих друзей!

С поздравлением твои друзья.

Профсоюз на химическом факультете

Химический факультет КазГУ им. аль-Фараби является одним из крупнейших факультетов не только в университете, но и в Республике Казахстан.

Научный и педагогический потенциал факультета очень высок, из его стен выходят высококвалифицированные специалисты. Коллектив факультета имеет глубокие традиции, трудоспособен и очень дружен.

Одним из показателей результативности работы коллектива является отсутствие жалоб от работников факультета в профсоюз работников КазГУ.

Наряду с администрацией факультета во главе с деканом, профессором Михаилом Касымовичем Наурызбаевым немаловажная роль в этом отводится профсоюзному бюро факультета. Каждый вопрос администрации, имеющий отношение к социально-экономическому положению преподавателей и сотрудников решается при участии профбюро.

В состав профбюро входят профорги всех кафедр и подразделений факультета, таких как научно-исследовательский институт новых технологий, аналитичес-

кий центр, научно-исследовательские лаборатории и хозяйственные структуры.

Членами профсоюза являются практически все сотрудники факультета, численность их составляет около 400 человек. Руководит профбюро факультета уже в течении 5 лет доцент кафедры химии высокомолекулярных соединений Раушан Асыгатовна Абдыкалыкова. Ее знает весь факультет: от техники до профессора, к ней идут и с горем и с радостью. Она всегда выслушает, даст совет и люди уходят от нее удовлетворенные встречей.

Так как факультет специфический, где и сотрудники и студенты работают со многими токсичными химическими реагентами, вопрос техники безопасности и охраны труда для коллектива не праздный. Поэтому профбюро совместно с администрацией на всех уровнях защищают права сотрудников на безопасные условия труда (это включает спецпитание, спецодежду, дополнительный отпуск и т. д.) Если раньше профессорско-преподавательский состав обделялся спецодеждой, то, благодаря настойчивости профбюро и профкома

университета, в последние пять лет ППС факультета стал обеспечиваться спецпитанием.

Профсоюз оказывает посильную помощь ветеранам, юбилярам. Не было ни одного случая отказа в помощи по поводу смерти близких.

Следует отметить, что с тех пор, как председателем профкома университета была избрана Л. С. Ахметова, финансы профсоюза стали достоянием всех членов профсоюза. Ежеквартально члены профкома информируются состоянием финансовых дел.

Коллектив факультета активно принимает участие в благотворительных акциях: собирает деньги, одежду, обувь, книги, игрушки и т. д. для детского дома и дома престарелых.

В заключении нужно сказать, что если несколько лет назад при развале всех общественных организаций у людей возникал вопрос: "Нужен ли нам профсоюз?", то сейчас этот вопрос отпал полностью. И в этом, вероятно, большая заслуга профсоюзных активистов факультета, хочется назвать имена Гулязат Абденовой и Ирины Пинаевой.

Профбюро химического факультета.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71 ректорат.
10 қабат, 1008 бөлме.
Тел.: 47-82-50, 47-19-24

Бас редактор - Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;
Нөмірдің кезекші редакторлары - Гүлжан ЕСКЕНДІР;
Айнұр КАРГАЛИНОВА;

Компьютерде терген және көркемдеген - Айтгүл БАБАСОВА;
Фототілші - Арман СӘРСЕНБИЕВ;

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

К.Н.НӘРІБАЕВ, ректор;
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ, ұйымдастыру және коммерциялық жұмыстар жөніндегі проректор;
Л.АХМЕТОВА, кәсіподақ ұйымының төрайымы;
Ж.ДӘДЕБАЕВ, филология факультетінің деканы;
Н.ОМАШҰЛЫ, журналистика факультетінің деканы.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ университеті" баспасының 26.04.99. күні басылып шықты. Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 500 дана. № 657 тапсырыс.

Нәзира БЕРДАЛИЕВА:

"Көктем келген екен" дедім... тағы да

Теңгермейтін ешбір патша тағына,
Пәлі, мынау махаббаттың бағы ма?
Күйші есімді ақын жігіт көктемде
Келіп, өлең оқып тұрды тағы да.
Оқылса жыр, қайың біткен ән күтті,
Самал тынышып, саялады таңғы ықты.
Оның жыры оқылғанда арса-арса
теректің
Қыстан шыққан бұтағына жан бітті.
Күйші есімдес ақын жігіт,
Жырлары да елестеткен бір күйді,
Жүрегіме күн нұрындай жыр кұйды.
Оның жыры оқылғанда,
Бүрлер біткен гүл ашып,
Қар астынан бәйшешектер қылтиды.
Оның жыры,
Оның үні - сылдыр суы бұлақтың,
Жерге сонша сәуле төгіп,
мейірленді Қуат-Күн.

Оның жыры оқылғанда,
Өртенді де сіреу-қар,
Сай-саламен су акты.
Оның жыры...
Сөзі - сезім бұлағы.
Толтырардай жылғаны да,
жыраны.

Оның жыры оқылғанда,
Есі кетіп бұлттардың
Ебіл-дебіл жылады.
Тең келмейтін ешбір ханның
тағына,
Шіркін, мынау махаббаттың
бағы ма?

Күйші есімдес жігіт жырын
естіп мен,
"Көктем келген екен" дедім...
тағы да.